

**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП
— 2015 —
ГОДОВОЙ
ОТЧЕТ**



CENTERCREDIT



«ЛАУРАНЫҢ СЫБЫРЫ» МҮСІНІ

Жауме Пленса

Жауме Пленсаның жұмыстарына қарағанда, көз тайдыру мүмкін емес. Оларға тәнті боласың, олардың сырын шешуге деген ынтызарлығың оянады. «Лаураның сыбыры» – суретшінің мәрмәр мен қорғасыннан жасалған ең көрнекті жұмыстарының бірі. Одан ерекше әсер беретін тұңғыық пен ауқымдық сезіледі. Қыздың келбеті сондай нәзік, пәк және өте қарапайым, көрерменді алуан түрлі сезімге бөлейді, ал «Лаура» болса өз жандүниесіне үңілген тәрізді және жанында болып жатқан құбылыстарға немқұрайды сыңай танытады.



МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	11	47	Кастодиандық қызмет
Директорлар кеңесі	12	47	Халықаралық ақша аударымдары жүйесі
Басқарма	13	50	Жеделаударымдар
Департамент басшылары	14-15	50	Жедел түсім
Корпоративтік басқару	18-20	51	Ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету және телефондық банкинг
Акционерлер және капитал	21	54	Төлем карточкалары және қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелері
Қазақстан Республикасы экономикасының және банк секторының 2015 жылғы дамуына шолу	24-26	55	Қызметкерлер
Банк секторы	26-27	57	Аударма
ЦентрКредит Банкінің 2015 жылғы қызметіне шолу	30-32	60-62	Ақпараттық технологиялар
Инновациялар/мемлекеттік бағдарламалар	32-33	63	ЦентрКредит Банкінің өткізу желісі
Бөлшекті несие беру	33-34	66-67	«BCC INVEST» АҚ
Заңды тұлғаларға несие беру	34-35	68-69	«Банк БЦҚ Мәскеу» ЖШҚ
Проблемалы портфель туралы ақпарат	35	68-69	«BCC – ОУСА» ЖШС
Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайта қаржыландыру	38	70-77	Тәуелсіз аудиторлардың есебі
Депозиттер	38-39	80	ЦентрКредит Банкінің 2015 жыл ішіндегі басты оқиғалары
Халықаралық қатынастар	42-43	81	Тәуекелдіктерді басқару жүйесін жетілдіру
Қор нарығындағы және банкаралық нарықтардағы операциялар	46	82	Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау
		83	ЦентрКредит Банкінің 2016 жылға арналған негізгі мақсаты мен міндеттері



«ҚАБЫЛАН» МҮСІНІ

Ричард Орлински

Ричард Орлински – француз мүсіншісі, қазіргі заманғы ең табысты және сұранысқа ие суретшілердің бірі. Ол өз жұмыстарын «Еркіндікте туылған» тұжырымдамасының айналасына топтастырған. Бұл идея бастапқы түйсіктен сезімдерді өркениетті түрде білдіру жолына өту арқылы өмірдегі келеңсіз жайттардың жағымды жағын көре білуге шақырады. Оның «Қабылан» деп аталатын танымал жұмысы жұмбақты, биязылықты, сезімталдықты және сұрапыл күшті, жылдамдық пен айбаттылықты білдіреді. «Қабылан» мүсіні бір көргеннен адамды баурап алады.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер!

Есепті жылы Қазақстан экономикасы мұнай бағасының төмен бола беруі, Ресей экономикасындағы қиындықтар, ұлттық валютаның құнсыздануы салдарынан елеулі қиындықтарды бастан өткізді. Осының барлығы біздің клиенттеріміз бен Банктің белсенділігіне әсерін тигізбеуі мүмкін емес болды.

Осыған байланысты Банк қызметіндегі басты назар резерв құруға, проблемалы несиелермен жұмыс істеуге, шығындарды азайтуға аударылады. Осы ретте біз негізгі қаржылық көрсеткіштерді көтере отырып, осы жылды пайдамен аяқтадық.

Банк активтері 30,9%-ға өсіп, 1 440 млрд теңгені құрады; осы көрсеткіш бойынша Банк нарықта бесінші орынға ие болды (2014 жылдың қорытындысы бойынша алтыншы орын). Несие портфелі 7,3%-ға өсіп, 985 млрд теңгені құрады, оның ішінде корпоративтік клиенттер өсім 8,3%-ды, бөлшекті бизнес бойынша өсім 5,6%-ды құрады. Банктің міндеттемелері 1352 млрд теңгені құрап, 33,4%-ға өсті. Жеке тұлғалардың салымдарының үлесі артып, Банк осы көрсеткіш бойынша нарықта бұрынғыдай төртінші орынды иеленіп отыр. Банк капиталы 1,6%-ға өсіп, 89 млрд теңгеге жетті.

Көптеген сарапшылардың болжамдары бойынша 2016 жылы экономикада елеулі белсенділік болжанбайды, жағымсыз үрдіс әлі де сақталуы мүмкін. Жағымсыз экономикалық көрініске қарамастан, Банк бизнестің тиімділігін арттыруға, шығыстарды азайтуға, қор құруды сандық және сапалық тұрғыдан жақсартуға барлық күш-жігерін салады.

Стратегиялық инвестор Кукмин Банкпен бірге ынтымақтастығымыздың қарқынын арттыру жоспарланып отыр. Банктің қызметкерлерін жаңа технологияларға, өнімдер мен қызметтерге оқыту әлі де қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Жақын арада мобильді банкинг, интернет-банкінг, несие карталары мен есеп айырысу қызметін көрсетуді ақпараттық технологиялар базасында айтарлықтай жақсарту жоспарланған. Жаңа жоғары технологиялық өнімдер мен қызметтерді қолданумен қатар ағымдағы жылы Solvir жаңа IT-жүйесі енгізіледі, бұл жүйе біздің бәсекелестік артықшылығымызды елеулі түрде күшейтуге мүмкіндік береді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
Байсейітов Б.Р.

2015 ЖЫЛҒЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ
БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы

Ли Владислав Сединович

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Jeoung Sang Kweon

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі

Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі

Kwon Oh Ki

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Werner Frans Jozef Claes

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2015 ЖЫЛҒЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ
БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Ли Владислав Сединович

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы

Yang Jin Hwan

Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы

Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

Han Jong Hwan

Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

Shim Moo Gil

Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

Әділханов Бұлан Әділханұлы

Басқарма мүшесі, Басқарушы директор

2015 ЖЫЛҒЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ
ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ
ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

Боранбаев Асан Болатұлы

АДАМ РЕСУРСТАРЫ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы

**БАНК КАРТОЧКАЛАРЫ ЖӘНЕ ДИСТАНЦИЯЛЫҚ БАНКИНГ
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ**

Попова Татьяна Валерьевна

БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Вахидова Ризвангуль Сайдуллаевна

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Габасов Тимур Рауфович

ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Зданович Лариса Петровна

**БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ – БАС БУХГАЛТЕР**

Нұрғалиева Айжан Төлеуғазықызы

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ
ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ**

Бутырина Людмила Федоровна

ӘКІМШІЛІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Дорожкин Сергей Иванович

ҚАУІПСІЗДІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Тастанбеков Бақытжан Бахадырұлы

ТӘУЕКЕЛДІКТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Омаров Тимур Мақсұтұлы

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛДІКТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Асылбек Ержан Асылбекұлы

ЗАҢ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Жакеев Бекежан Искандарұлы

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ НЕСИЕЛЕРІН БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ**

Ермаханов Ерлан Әмірбекұлы

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ НЕСИЕЛЕРІН БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ**

Әбішев Мұрат Мейірханұлы

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ДИРЕКТОРЫ**

Ақылов Тимур Аманұлы

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ


Шаяхметова Күләш Ізмағзамқызы

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІНІҢ БАС КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУШЫСЫ

Нұғманов Мәлік Қайыржанұлы

ІШКІ АУДИТТІҢ БАС АУДИТОРЫ


Мусина Рақыш Шахмұратқызы



«КӨШПЕНДІ» МҮСІНІ

Жауме Пленса

Жауме Пленса – қазіргі заманның атақты испан мүсіншісі, оның жұмыстары бүкіл әлемдегі қалалық саябақтардың, скверлер мен алаңдардың сәнін келтіріп тұр. Оның шығармашылығындағы ең басты бейненің бірі – «өмір ағашын құшақтап тұрған адам». Бұл адамды, яғни өзін ол өз мүсіндерінде сан мәрте бір ғана қалыпта қайталап, оны «Көшпенді» деп атады. «Көшпендінің» ерекшелігі: мүсіннің әрбір бөлшегі латын әліпбиінің әрпін білдіреді, ал оның «мөлдірлігі» көрерменмен байланысына өзіндік бір әр береді.



2015 жылғы 24 сәуірде күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді:

- I. 2014 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі.
- II. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2014 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
- III. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2014 жыл бойынша таза табысын бөлу тәртібін бекіту.
- IV. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Корпоративтік басқару кодексіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
- V. Есеп комиссиясы құрамын өзгерту туралы.

Осы жылдың тамыз айында Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша акционерлердің сырттай жиналысының қорытындысы жасалды. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша және акционерлік қоғамдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер негіз болды.

Есепті кезең ішінде қатысу тәртібімен **Директорлар кеңесінің** 3 мәжілісі өткізіліп, онда келесі мәселелер қарастырылды: 2014 жыл бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту; акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау; 2015 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы және 2015 жылдың соңына дейін бизнесті дамыту бойынша шаралар; банктің 2016 жылға арналған бюджетін бекіту; несиелік портфельі сапасы бойынша 2016-2017 жылдарға арналған болжам және т.б. Директорлар кеңесі құрылымдық бөлімшелердің қызметіне қатысты мәселелер бойынша 11 хаттамаға, сырттай дауыс беру арқылы 249 қаулыға қол қойды.

Есепті жылы Банк **Басқармасы** қатысу тәртібімен 95 мәжіліс, оның ішінде басқару есептілігі мәселесі бойынша 10 мәжіліс өткізді. Басқарманың 1343 шешімі қабылданды, оның ішінде банк қызметінің процедуралық мәселелері бойынша шешімдер қабылданып, бизнесті дамыту және т.б. мәселелер бойынша комитеттер мен комиссия шешімдері бекітілді.

Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі жанында Аудит комитеті, Қаржы және тәуекелдіктер комитеті, Тағайындаулар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет, Несие комитеті атты төрт комитет құрылды.

2015 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың **Аудит комитеті** 4 мәжіліс өткізіп, 21 мәселені, оның ішінде басқару есептілігіне қатысты 6 мәселені; ІАҚ мен АҚ тапсырмаларының орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелеріне, сонымен қатар қызметінің қорытындысы бойынша бөлімшелердің есептеріне қатысты 5 мәселені; ІАҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына қатысты 2 мәселені; ІАҚ қызметі туралы өзге 8 мәселені (жоспарлар, штаттық кесте, әдіснама және т.б.) қарастырды.

2015 жылдың наурыз айында комитеттің жаңа хатшысы болып А.С.Әміржанов тағайындалды.

Директорлар кеңесінің Қаржы және тәуекелдіктерді басқару комитеті 2015 жылы 11 кезекті және 23 кезектен тыс мәжіліс өткізіп, 230 шешім қабылдады. Мәжілістерде Банктің негізгі қызметі, атап айтқанда, активтер мен міндеттемелерді, капиталды, өтімділікті, қаржылық тәуекелдіктерді, пайыздық саясатты, ішкі және реттеуші нормативтерді басқару бойынша шешімдер қарастырылып қабылданды. Атқарылған жұмыс нәтижесінде Банктің қаржылық көрсеткіштерін, пайдалылықты, активтерді әртараптандыруды, бизнестің тұрақтылығын, капиталдың жеткіліктілігін, клиенттерге арналған банктік өнімдердің тартымдылығын жақсарту бойынша іс-шаралар өткізілді.

Бас офистің Несие комитеті 2015 жыл ішінде 98 мәжіліс өткізіп, несиелік қызметі, кепілдіктер беру, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу бойынша 1349 мәселені қарастырды.

Директорлар кеңесінің 25.09.2015 жылғы №187 қаулысымен Несие комитетінің құрамына Корпоративтік қаржы департаментінің директоры М.М.Нургазин қосылды.

2015 жылы Банк Басқармасы жанында келесі комитеттер қызмет етті: Несиелерді басқару комитеті, Несиелерді басқару жөніндегі шағын комитет. Бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі комитет, Ақпараттық технологияларды басқару комитеті, HR комитеті, Тәуекелдіктер жөніндегі шағын комитет.

Несиелерді басқару комитеті 45 мәжіліс өткізіп, 442 мәселені, оның ішінде қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша 74 мәселені, кепілдік қамсыздандыру бойынша 81 мәселені, өңірлік несиелік талдау орталықтарының, өңірлік несиелерді басқару орталықтарының есептеріне жүргізілетін мониторинг бойынша, проблемалы қарыз алушылармен жұмыс істеу бойынша, қаржыландыру талаптарын өзгерту бойынша, өкілеттік беру бойынша және Комитеттің құзыретіндегі басқа мәселелер бойынша 287 мәселені қарастырды.

Несиелерді басқару жөніндегі шағын комитет 98 мәжіліс өткізіп, Комитеттің құзыреті мен өкілеттігі аясында 2865 шешім қабылдады.

2015 жылы **Тәуекелдіктер жөніндегі шағын комитет** 32 мәжіліс өткізіп, оның ішінде Банкті және оның еншілес ұйымдарын бағалау, олардың тәуекелдіктерін басқару бойынша 141 мәселені қарастырды. Комитет Банктің қаржылық, операциялық, несиелік тәуекелдіктерін барынша азайтуға бағытталған шешімдер қабылдап, қызметтің үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ету бойынша жоспарды, төтенше жағдайлар пайда болған кездегі Банк бөлімшелерінің іс-әрекет ету тәртібін бекітті.

2015 жылы **Бизнесті дамыту мәселелері жөніндегі комитет** 11 мәжілісті қатысу тәртібімен және 33 мәжілісті сырттай өткізді. Комитет 74 мәселені қарастырды. Келесі маңызды шешімдер қабылданып мақұлданды: АДБ мен ЕҚДБ бағдарламалары бойынша айналымдағы қаражатты толықтыру үшін қаржыландыру берілген қарыз алушыларға арналған «Жинақтаушы плюс» депозитін ашудың жаңа сұлбасы, жаңа өнім – «3 жылға берілетін Оңай» несиесі; «Несиелік брокер» жобасы, ВСС «Healthcare» жаңа өнімі; «Жобалық қаржыландыру» жаңа өнімі; «Бөліп төлеу арқылы көрсетілетін сервис» жаңа кепілсіз өнімі.

Сонымен қатар Mastercard картасын шығару және іске қосу бойынша «Сыйлыққа берілетін валюталық карта» маркетингтік акциясы; «StarBanking» жүйесі бойынша Банктің клиенттеріне (ЖТ) арналған «Белсенділік ынталандырылады» маркетингтік акциясы; «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жалақы жобаларын ілгерілету бойынша маркетингтік акция; Mastercard төлем карталарын шығару және іске қосу бойынша «Алтын жорға» маркетингтік акциясы; VISA корпоративтік карталарын шығару және іске қосу бойынша «ЦентрКредит Банкінің Сіздің бизнесіңізге арналған картасы» маркетингтік акциясы өткізілді.

Сондай-ақ Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитеттің бір мәжілісінде Банк пен Алматы қаласының әкімдігі арасында жасалған «Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін шешу аясындағы меморандумға» қол қою мақұлданды. Осы меморандумға сәйкес ЦентрКредит Банкі шағын, орта және ірі бизнесі қаржыландыру, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыру; тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүлік құрылысы; өндірістік қуатты жаңарту; сауда ойын-сауық орындарын, балабақшалар мен медициналық мекемелерді қаржыландыру; халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына қолдау көрсету сияқты жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Басқарма шешіміне сәйкес Тарифтік комитеттің қызметі Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитетке тапсырылды. 15.01.2015 жылдан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Бизнесі дамыту мәселелері жөніндегі комитет туралы қағидасының жаңа нұсқасы бекітілді.

2015 жылы Ақпараттық технологияларды басқару комитеті қатысу тәртібімен 6 мәжіліс және сырттай 9 мәжіліс өткізіп, олардың аясында процестерді автоматтандыруға байланысты жобалар, оның ішінде төлемдерді қағаз тасымалдауыштардан автоматты түрде тануға және деректерді БААЖ-ға жүктеп салуға арналған АВВУҮ бағдарламалық қосымшасын сатып алу; HelpDesk жүйесін жаңарту; ИБЖ пайдаланушыларын USB-ге және OTP-токендерге көшіру, АТМ мен АТТ-ларды сатып алу және т.б. бойынша 36 мәселені қарастырды.

Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитет 37 мәжіліс өткізіп, еңбекақы мен сыйлықақы төлеу, марапаттау және тәртіптік жаза қолдану, кадрлар резерві, қызметкерлердің орнын ауыстыру, басшы лауазымдарына тағайындау және т.б. сияқты адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша 57 мәселені қарастырды.

Банк корпоративтік басқару мәселелері бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жиналыстарында бекітілген **Корпоративтік басқару кодексін** (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттаманың 5.1-тармағы) және акционерлердің 2009 жылғы 30 сәуірдегі, 2013 жылғы 26 сәуірдегі жиналыстарында бекітілген оның кейінгі өзгерістері мен толықтыруларын басшылыққа алады.

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

2016 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, жарияланған артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады, жарғылық капитал 69 751 млн теңге сомасында төленді.

Орналастырылған акциялардың 5 және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Kookmin Bank Co Ltd. – 41,93 %

Байсейітов Б.Р. – 25,6 %

Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) – 10 %

2016 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша ЦКБ-нің меншікті капиталы 168 008 млн теңгені құрады.

Меншікті капиталдың құрылымы, млн теңгемен:

Бірінші деңгейдегі капитал – 113 847;

Екінші деңгейдегі капитал – 54 161.





«ЖЕМИС ҰСТАП ОТЫРҒАН ӘЙЕЛДІҢ» МҮСІНІ

Фернандо Ботеро


Фернандо Ботеро – Латын Америкасының заманауи өнеріндегі басты өкілдердің бірі. Мүсінші өз жұмыстарында адамның тәнін асыра үлкейтіп көрсету арқылы сезімталдықтың жоғары деңгейін паш етеді. Бұл көркемдеу құралы оның шығармашылығының ерекше белгісі болып танылады. Ботероның ең танымал туындыларының бірі – «Жеміс ұстап отырған әйел» қола мүсіні жылылық мен жайлылық сезімін ұялатады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ДАМУЫНА ШОЛУ

2015 жылы шикізат тауарларына сұраныс пен бағаның төмендеуіне байланысты Қазақстандағы экономикалық өсім бәсеңдік танытты. Алдын ала деректер бойынша жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 2014 жылы 4,1% болса, 2015 жылы 1,2%-ды құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 40 761 млрд теңгеге жетті.

Қазақстан Республикасының ЖІӨ



Өткен кезеңдердегідей, экономикалық дамуға негізгі үлесті қызмет көрсету саласы қосты. 2015 жыл бойынша Қазақстанның ЖІӨ құрылымында қызмет өндірісі 61%-ды, тауар өндірісі 39%-ды алады. 2015 жылдың алдын ала қорытындысы бойынша ЖІӨ өндірісіндегі 25,5%-ды қамтитын негізгі үлес өнеркәсіпке тиесілі. Осы кезеңдегі ақшаның құнсыздануы болжанған көрсеткіштерден асты. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ақшаның жылдық құнсыздануы 13,6% деңгейінде қалыптасты, 2014 жылы бұл көрсеткіш 7,4% болған. Осы ретте азық-түлік тауарларының бағасы 10,9%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 22,6%-ға өсті. Бір жыл ішінде ақылы қызметтер 8,1%-ға қымбаттады. 2016 жылы ҚР Ұлттық Банкі ақшаның құнсыздануын 6-8% нысаналы дәлізде сақтау бойынша шара қолдануды жалғастырады.

2015 жылы орташа айлық жалақы 13%-ға өсіп, 136 094 теңгені құрады (2014 жылы 10,9%-ға өсті). 2015 жылдың басынан бастап жұмыссыздық деңгейі 5% деңгейінде сақталды.


2015 жылдың қорытындысына сәйкес өнеркәсіптік өндіріс көлемі 14 634 млрд теңгені құрап, 21%-ға төмендеді. Өнеркәсіп саласына тоқталсақ, тау-кен өндіру секторындағы өндіріс 34%-ға, өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс 2%-ға азайды.

2015 жылы жалпы Республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы шығарылымы 2 749 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылғы деңгейден 9,5%-ға жоғары.

Өткен жылы құрылыс саласында өсім байқалды, жыл қорытындысы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 7,7%-ға өсіп, 2 856 млрд теңгені құрады.

2015 жылы негізгі капиталға жасалған инвестициялардың өсу қарқыны артқаны байқалды. Жалпы алғанда, осы жылы экономикаға 7 025 млрд теңге инвестиция жасалып, ол өткен жылмен салыстырғанда 6,8%-ға көп. Инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып отыр, 2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында олардың көлемі 4 081 млрд теңгені (үлес салмағы – 58%) құрады.

Негізгі капиталға жасалған инвестициялар (млрд тг)



2015 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында бөлшекті сауданың көлемі 6 370 млрд теңгені құрап, 2014 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,8%-ға артты. Осы көрсеткіш халықтың төлем қабілеттілігін және тұтыну көңіл-күйін сипаттайды.

Есепті кезеңдегі көтерме сауда көлемі 16 393 млрд теңгені құрап, 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 0,2%-ға ғана артты.

2015 жылдың соңындағы алдын ала деректер бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы сауда-саттық айналымы 75,9 млрд АҚШ долларын құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 37,1%-ға төмендеді. Оның ішінде экспорт 45,7 млрд АҚШ долларын құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 42,5%-ға азайды. Импорт 30,2 млрд АҚШ долларын құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 26,9%-ға төмендеді.

2015 жылдың алдын ала деректері бойынша Қазақстан Республикасының Кеден одағы елдерімен сыртқы сауда-саттық айналымы 20,4 млрд АҚШ долларын құрады немесе 2014 жылмен салыстырғанда 28,6%-ға азайды, оның ішінде экспорт 7,7 млрд АҚШ долларын (30,6%-ға аз), импорт 12,7 млрд АҚШ долларын (27,4%-ға аз) құрады.

2015 жылдың алдын ала деректері бойынша Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда-саттық айналымы 15,8 млрд АҚШ долларын құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 28,6%-ға азайды, оның ішінде экспорт 4,9 млрд АҚШ долларын (31,7%-ға аз), импорт 10,9 млрд АҚШ долларын (27,1%-ға аз) құрады.

Елдің рейтингтеріне қатысты ақпаратқа келсек, 2016 жылдың ақпан айында Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан экономикасының ұзақмерзімді рейтингін қайта қарастырып, оны «BBB»-ден «BBB-»-ға өзгертті. Бұл көрсеткіш негізінен агенттіктің 2016-2019 жылдар аралығында мұнайдың айтарлықтай төмен бағасын болжауына байланысты белгіленді. Дүниежүзілік банктің және «Бизнесті жүргізу» (Doing Business) халықаралық қаржы корпорациясының рейтингінде Қазақстан 2015 жылы 2014 жылғы көрсеткіштен 34 тармаққа көтеріліп, позицияларын жақсартып, 41-орынға ие болды. Еліміз салық салу, жеке меншікті тіркеу, келісім-шарттарды орындауды қамтамасыз ету саласында жетістіктерге қол жеткізді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Legatum халықаралық зерттеу институтының әлем елдерінің өркендеуі рейтингінде бір тармаққа жоғары көтеріліп, 142 ел ішінде 54-орынға ие болды. Осы рейтингті құрған кезде экономикалық жағдай, кәсіпкерлік, басқару, білім беру және денсаулық сақтау жай-күйі, жеке бас бостандығы, қауіпсіздік деңгейі, әлеуметтік капитал сияқты көрсеткіштер есепке алынады. Әлеуметтік

капитал бойынша еліміз ең жоғары көрсеткішке (46-орын) қол жеткізді. Дүниежүзілік экономикалық форумның хабарламасы бойынша ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде еліміз әлемнің 140 елі ішінде 42-орынға ие болды. Осы рейтингте макроэкономикалық тұрақтылық, инфрақұрылым, институттардың сапасы, денсаулық және бастауыш білім беру, жоғары білім және кәсіби дайындық, еңбек нарығының, тауарлар мен қызметтің тиімділігі, қаржы нарығының дамығандығы, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық потенциал есепке алынады.

БАНК СЕКТОРЫ

Еліміздің банк секторының жиынтық активтері 2014 жылғы 18 239 млрд теңгеге қарағанда, негізінен банктердің валюталық активтерін қайта бағалау есебінен 2015 жылдың қорытындысы бойынша 30,4%-ға өсіп, 23 780 млрд теңгені құрады.

КӨРСЕТКІШТЕР	2011	2012	2013	2014	2015
ЖІӨ, млрд тг	27 572	30 347	35 275	38 712	40 761
АКТИВТЕР, млрд тг	12 818	13 880	15 462	18 239	23 780
АКТИВТЕРДІҢ ЖІӨ-ГЕ ҚАТЫНАСЫ, %	46,5	45,7	43,8	47,1	58,3
НЕСИЕЛЕРДІҢ ЖІӨ-ГЕ ҚАТЫНАСЫ, %	38,0	38,4	37,8	36,6	38,2
КАПИТАЛДЫҢ ЖІӨ-ГЕ ҚАТЫНАСЫ, %	4,7	6,6	5,9	6,1	6,1
САЛЫМДАРДЫҢ ЖІӨ-ГЕ ҚАТЫНАСЫ, %	28,3	28,1	27,9	29,3	38,3

2011 жылдан бастап екі жыл бойы банктердің жиынтық активтерінің ЖІӨ-ге қатынасының төмендеу үрдісі жалғасып келді, алайда 2014 жылы осы көрсеткіш өсу үрдісіне ие болды. Осылайша, 2015 жылы активтердің ЖІӨ-ге қатынасы өсіп, 58,3%-ды құрады.


Екінші деңгейдегі банктердің несиелер портфелі 2015 жылдан бастап 1 369 млрд теңгеге немесе 9,7%-ға өсіп, 15 554 млрд теңгені құрады.

Сала-салаға бөлгенде, банктердің экономиканы несиелеудегі едәуір сомасы сауда (20,9%), өнеркәсіп (13,4%), құрылыс (7,8%) және ауыл шаруашылығы (5,2%) салаларына тиесілі. 2015 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің жалпы портфелінде негізгі борыш пен есептелген сыйақы бойынша мерзімінен кешіктірілген берешегі болатын несиелер 1808 млрд теңгеге азайып, олардың несиелер портфеліндегі үлесі 01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша 27,7%-дан 01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша 13,6%-ға

төмендеді. Оның ішінде 01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша төлем мерзімі 90 күннен аса кешіктірілген несиелер 2 103 млрд теңгеге азайып, олардың жалпы несиелер портфеліндегі үлесі 8,0%-ды құрады. Ал 2015 жылдың басында ол 23,5%-ды құраған болатын. ҚЕХС талаптарына сәйкес несиелер портфелі бойынша құрылған провизия 1 922 теңгеге немесе 53,8%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жиынтық міндеттемелері 2015 жылы 5 417 млрд теңгеге немесе 34,1%-ға артты. Осылайша, ЕДБ-ның жиынтық міндеттемелері 01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша 21 290 млрд теңгені құрады, олардың ішінде бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер 36,5%-ға өсіп, 2 095 млрд теңгені құрады.

ҚР ЕДБ - ның міндеттемелері (млрд тг)



2015 жылы міндеттемелер құрылымында клиенттердің салымдары 37,5%-ға өсіп, 15 605 млрд теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 73,3%-ын құрады. 2015 жыл бойынша заңды тұлғалардың салымдары 26,2%-ға, жеке тұлғалардың салымдары 55%-ға артты. Оның ішінде заңды тұлғалардың валюталық салымдарының үлесі 01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша 51,6%-дан 01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша 61,5%-ға дейін, жеке тұлғалардың валюталық салымдарының үлесі 01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша 67,4%-дан 01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша 79,1%-ға дейін артты.



«НУРИЯ», «ИРМА» ЖӘНЕ «АННА» МҮСІНІ

Жауме Пленса

Мүсінші Жауме Пленсаның ең тамсанарлық жұмыстарының бірі жас бойжеткендердің алебастрдан жасалған бастары болып табылады. Пленса түрлі ұлт бойжеткендерінің үлбіреген келбеттерін бейнелейді, барлығының жүзінен бейкүнәлікті сезінуге байқауға болады. Мүсіндердің көздері, мұрындары мен ауыздары әдемі кескінделіп, жылтыратылған, тастың артқы бетінде қарьерден жаңа қазып алынған тастың табиғи түрі сақталып көрсетілген. Пленсаның өзі оларды «көне заманнан келген және уақытқа бағынбайтын кейіп білдіреді» деп сипаттаған.




ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

АКТИВТЕР


2015 жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының активтері 30,4%-ға артып, 1 442 млрд теңге деңгейіне жетті. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің активтері 30,9%-ға артып, 1 440 млрд теңгені құрады. Қазақстанның банктік жүйесінің жиынтық активтеріндегі ЦентрКредит Банкі активтерінің үлесі өткен жылмен салыстырғанда 0,03% -ға көтеріліп, 6,06%-ды құрады. Банк 2014 жылдың қорытындысы бойынша иеленген алтыншы орыннан 2015 жылдың қорытындысы бойынша бесінші орынға өтіп, өзінің позициясын жақсартты.

Банк тобының активтерді (млрд тг)




2015 жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының несиелік портфелі 6,6%-ға артып, 1 043 млрд теңгені құрады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша Банк берген бөлшектегі несиелік жалпы несиелік портфелінің елеулі үлесін алып, 37%-ды құрады. Өткен жылы Банк жеке тұлғалардың несиелерінің көлемін 5,6% -ға ұлғайтты. Банктің ірі бизнестегі қарыздары 2015 жылы 8,7%-ға артып, оның Банктің жалпы несиелік портфеліндегі үлес салмағы 33%-ды құрады. Банктің шағын және орта бизнес сегментіндегі қарыздары несиелік портфелі көлемінің 30%-ын алды, 2015 жылы оның көлемінің өсімі 7,8%-ды құрады.

ЦКБ-нің несиелік портфелінің 01.01.2015 жылғы жай-күйі бойынша құрылымы



2015 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының жиынтық міндеттемелері 32,9%-ға өсіп, 1 356 млрд теңгені құрады. Жеке алғанда, ЦентрКредит Банкінің міндеттемелері 33,4%-ға артып, 1 352 млрд теңгені құрады.

Банк тобының міндеттемелері (млрд тг.)




МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Міндеттемелердің құрылымындағы жеке тұлғалардың салымдары, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2015 жылы 63,9%-ға өсіп, 547 млрд теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы Банктің үлесі бір жыл ішінде 7,5%-дан 7,9%-ға дейін артты. Банк осы сегмент бойынша соңғы үш жыл ішінде нарықтағы төртінші орынды иеленіп келеді. Заңды тұлғалардың Банктегі салымдары, оған қоса ағымдағы есепшоттары мен карт-шоттары 2015 жылы 6,3%-ға өсіп, 456 млрд теңгеге жетті.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Банк тобының капиталы 2015 жылы 0,8%-ға өсіп, 2016 жылғы 1 қаңтарда 86 млрд теңгені құрады. ЦентрКредит Банкінің капиталы 1,6%-ға артып, 89 млрд теңгені құрады.

Банк тобының капиталы (млрд тг)



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША НЕСИЕ БЕРУ/ИННОВАЦИЯЛАР

ЦентрКредит Банкі – кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ субсидиялау және кепілдік беру бағдарламаларына қатысатын жобалардың көлемі мен саны бойынша ЕДБ арасында алғашқы үштікке кіреді.

2015 жыл ішінде ЦентрКредит Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының өңдеу өнеркәсібі саласында қызмет ететін шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауға берген 13 млрд теңге сомасындағы қаражатын сәтті игерді. Сонымен қатар Азия даму банкінің

Инвестициялық бағдарламасы бойынша 11 млрд теңге және Еуропалық қайта құру және даму банкінің бағдарламасы бойынша 10 млрд теңге сомасындағы қаражат игерілді. Сондай-ақ 2015 жылдың IV тоқсанында Еуропалық қайта құру және даму банкінен әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерін қаржыландыру бойынша несиелік келісімдер аясында 1,86 млрд теңге мөлшерінде 1-транш, сонымен қатар микро, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру бойынша несиелік келісімдер аясында 6,75 млрд теңге мөлшерінде 1-транш алынды.

Жалпы алғанда, 2015 жылы ЦКБ әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша жалпы сомасы 45 млрд теңгеден асатын несие берді.

БӨЛШЕКТІ НЕСИЕ БЕРУ


2011 жылы жеке тұлғаларға несие беру келесі екі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- бөлшекті несие өнімдері;
- кредитные продукты для индивидуального предпринимательства.


Ссудный портфель по кредитованию физических лиц на 01 января 2016 года по количеству включает 88 906 кредитов, по сумме – 365 644 млн тенге. В сравнении с 2015 годом портфель увеличился на 5,6%. За 2015 год было выдано 19 274 кредита на общую сумму 93 731 млн тенге, из них:

- жалпы сомасы 18 383 млн теңгені құрайтын 2 525 ипотекалық несие;
- жалпы сомасы 49 069 млн теңгені құрайтын 9 755 тұтынушылық несие;
- жалпы сомасы 1 826 млн теңгеге 4 345 кепілсіз несие;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жалпы сомасы 22 414 млн теңгеге 2 008 несие;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жалпы сомасы 22 414 млн теңгеге 2 008 несие;

Несие портфелінің қарқыны



Занды тұлғаларға берілген қарыз



ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА НЕСИЕ БЕРУ

**2015 жылы жалпы сомасы 315 948 млн теңгені құрайтын
6 155 қарыз, оның ішінде:**

- ірі бизнес бойынша 222 275 млн теңге сомасына 1 875 қарыз;
- орта бизнес бойынша 53 740 млн теңге сомасына 1 608 қарыз;
- шағын бизнес бойынша 31 520 млн теңге сомасына 1 854 қарыз;
- микро-бизнес бойынша 8 414 млн теңге сомасына 818 қарыз берілді;

ПРОБЛЕМАЛЫ ПОРТФЕЛЬ БОЙЫНША АҚПАРАТ

01.01.2016 жылғы жай-күйі бойынша жеке тұлғалардың проблемалы портфелі 74 млрд теңгені құрады. 2015 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда, портфель 41%-ға немесе 21 млрд теңгеге өсті. Бұған теңге бағамының құлдырауы және доллар бағасының 86%-ға өсуі, сонымен қатар валюталық қарыздардың жеке тұлғалардың проблемалы портфелінің 53%-ын құрауы негіз болды. Осыған байланысты 01.01.2015 жылғы деректермен салыстырғанда, 01.01.2016 жылы жеке тұлғалар бойынша NPL деңгейі 26%-ға көтерілді.



«ЕКІ ҚАНАТТЫ ҚАДАМ» МҮСІНІ, ЖҰМЫРТҚАСЫ БАР НҰСҚАСЫ

Огюст Роден

Огюст Роден – заманауи мүсін өнерінің негізін қалаушылардың бірі деп танылған француз мүсіншісі. Роденнің шығармашылығы – бұл ерекше стиль, мүсін өнері саласындағы академиялық өнерді басқаша ойлау стилі. Жаңаша көзқарас көрермендер тарапынан да, сыншылар тарапынан да жағымсыз пікірлерге жиі ұшыраған. Роден мүсіндік импрессионизмнің негізін қалаушы ретінде танылған. Оның қолымен жасалған жұмыстар қозғалысқа толы, ал ол сомдаған адамның тұлғасы сезімдердің адам нанғысыз жиынтығын жеткізетін құрал іспеттес. Роден мүсін жасау өнерінде бұрын-соңды болмаған жаңа мәнерлі әдістерді аша алды. Адамның әрбір қимылы, тұрған тұрысы, басын бұруы немесе бет әлпеті – бәрі табиғи.



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

15.06.2015 жылы Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ЦентрКредит Банкінде «Проблемалы несиелер қоры» АҚ-тың 15,6 млрд теңге мөлшеріндегі салымы орналастырылды. Осы Бағдарлама аясында 2015 жыл ішінде 11,7 млрд теңге сомасын құрайтын 1 786 өтініш қабылданып, олардың ішінде 6,7 млрд теңге сомасын құрайтын 1 178 өтінім бойынша қайта қаржыландыру мақұлданды және 627 өтінім бойынша 3,3 млрд теңге игерілді.



ДЕПОЗИТТЕР

«Банк ЦентрКредит» АҚ депозиттік портфельінің көлемі бойынша еліміздегі екінші деңгейдегі банктердің арасында төртінші орынды иеленеді. Депозиттік қаражат нарығындағы нарықтық үлес 2015 жылдың соңында 7,9%-ды құрады.

2014 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, жеке тұлғалардың депозиттік есепшоттарындағы қалдықтар 1,7 есе өсіп, 503 651 млн теңгені құрады. Ақша қаражатының ағымы теңгенің құнсыздануы есебінен, сонымен қатар ілгерілетудің маркетингтік құралдарын пайдалану арқылы депозиттерді белсенді түрде тарту есебінен болды. Соның нәтижесінде есепшоттардың саны 8,8%-ға өсіп, 133 286 салымды құрады, депозитор-клиенттердің саны 3 795-ға, яғни 3,9 %-ға өсті.

2015 жылы «Өтемақы» салымы енгізілді. Банк таратылған «Валют Транзит Банк» АҚ-тың салымшыларына кепілдік берілетін кепілдік өтемін төлеу бойынша ҚДКҚ-ның агенті болды. 2015 жылдың ішінде Банк «жеке тұлғалардың депозиттері» өнімі бойынша бизнес-процестердің сапасын арттыруға, оның ішінде банк өнімдері бойынша талаптарды оңтайландыруға, қызмет көрсету процесін қайта құруға, көрсетілетін сервистің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін өткізді.

Депозиттік портфельдің қарқыны





«МЭРИЛИН»

Энди Уорхол

Энди Уорхол – американдық суретші, дизайнер, коллекция жиюшы, журналдардың баспагері және кинорежиссер, поп-арт-қозғалысы және жалпы заманауи өнердің тарихындағы ең жарқын тұлғалардың бірі. Оның «фотоны бояу» атты дағдылы техникасымен орындалған поп-жұлдыздардың портреттері ең танымал туындылары болып табылады. Бұл сериядағы ең әйгілі туындысы – Мэрилин Монроның суреті. Суретші бейнелейтін адамдардың жан дүниесіне қарағандай әсер аласыз. Егер зейін салып қарасаңыз, Монроның тұлға ретіндегі барлық ішкі болмысын сезінуге болады. Оның бет әлпеті айқын боялғанымен, бақытсыз жан екені көрініп тұр. Барлық ақиқат көзі арқылы берілген. Көзқарасы кірпіктерінің астынан ұялып, абыржып тұрғандай. Мүмкін Мэрилин өмірдің мәнін таппаған болар. Бетіне жағылған опа-далап, шектен тыс бояу ешкім көргісі келмеген әйгілі жұлдыздың нағыз болмысы тасаланған бетпердесі іспеттес.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

ЦентрКредит Банкі халықаралық қаржы нарығындағы ұстанымдарын жыл сайын бекіте және ресурстарды тиімді талаптармен тарта отырып, тұрақты және сенімді қарқынмен дамып келе жатқан банк болып табылады.

Халықаралық қатынастарды өзінің дамуының ең маңызды құрама бөлігі ретінде қарастыра отырып, есепті жылы ЦентрКредит Банкі шетелдік қаржы институттарымен, оның ішінде Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) белсенді түрде бірлесіп әрекет етуді жалғастырды.

«Даму» АҚ-тың кепілдігімен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы бойынша 2015 жылғы 14 қыркүйекте ЕҚДБ-мен 3,72 млрд теңге сомасына несиелік келісім (операциялық нөмірі № 47556) жасалды. 1,86 млрд теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2015 жылғы 20 қазанда алынды.

«Даму» АҚ-тың кепілдігімен МШОБ бағдарламасы бойынша 2015 жылғы 05 қарашада ЕҚДБ-мен 13,5 млрд теңге сомасына несиелік келісім (операциялық нөмірі № 47678) жасалды. 6,75 млрд теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2015 жылғы 02 желтоқсанда келіп түсті.

Осы қарыздар МШОБ-ға несие беру саласында ЦентрКредит Банкінің ішкі әлеуетін нығайту мақсатында ЕҚДБ-ға техникалық көмек көрсету бағдарламасы арқылы сүйемелденді.

Халықаралық ұйымдармен ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан ынтымақтастық ЦентрКредит Банкінің қаржылық тұрақтылығын, оның қызметінің айқындығын, клиенттер мен серіктестер үшін сенімділігін мойындау болып табылады.

ЦентрКредит Банкі әлемнің жетекші банктерімен, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және алыс шетелдегі қаржы институттарымен орнаған ұзақмерзімді корреспонденттік қатынастарын жалғастырып келеді. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді.

ЦентрКредит Банкінің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және несиелік қабілеттілігін халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкінің несиелік рейтингін Fitch агенттігі В деңгейінде, Moody's B2 және S&P B деңгейінде белгіледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктің рейтингі:

FITCH RATINGS АГЕНТТІГІ	
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ	B
ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ	B
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ШКАЛА БОЙЫНША РЕЙТИНГ	B+ (KAZ)
БОЛЖАМ	ТҰРАҚТЫ

MOODY'S INVESTORS SERVICE АГЕНТТІГІ	
БАНКТІК ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША ҰЗАҚМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ (ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЕН)	B2
БАНКТІК ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ (ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЕН)	NP
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ШКАЛА БОЙЫНША ҰЗАҚМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ	B1. KZ
БОЛЖАМ	ТҰРАҚТЫ

STANDART & POOR'S	
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ	B
ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ РЕЙТИНГ	B
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ШКАЛА БОЙЫНША РЕЙТИНГ	KZ BB +
БОЛЖАМ	ТҰРАҚТЫ



«ӘЙЕЛДЕР МЕН ТОТЫҚҰС»

Фернан Леже

«Әйелдер мен тотықұс» атты керамикалық панно – суретші Фернан Леженің ең әйгілі туындыларының бірі. Бұл суреттегі әрбір жолақ көрерменді бір бейнеден екінші бейнеге бағыттайтын картадағы жол тәріздес. Қарапайым формалар мен түстердің ықшамдығы бейнеленген оқиғаны бірінші орынға қоя отырып, барлық артық заттарды ысырып тастайды. Бейнеленген оқиға көрерменнің көз алдынан әсемдікпен ғайып болып, жұмбаққа айналады, оны шешудің өзінен ләззат аласыз. Леже шығармашылығының көркемділігі осында жатыр. «Әйелдер мен тотықұс» атты тасқа салынған туынды жалпы көлемі 5,7 x 3,7 м құрайтын 77 керамикалық тақтадан жасалған.



ҚОР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТАРДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР

2015 жылы ЦентрКредит Банкі жалпы сомасы 60 000 млн теңгені құрайтын облигациялардың екі шығарылымын, сондай-ақ жиынтық көлемі 250 000 млн теңгені құрайтын үшінші облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуден өткізді. Жаңа шығарылымдардағы облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторына «басқа борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша қосылған.

2015 жылы ЦентрКредит Банкі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та арнайы саудасаттық өткізу арқылы жалпы сомасы 16 257 млн теңгеге жаңа шығарылымдардағы облигацияларды орналастырды. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Банктің меншікті капиталының мөлшерін көбейтуге, еліміздің экономикасының нақты секторының инвестициялық жобалары бойынша ортамерзімді және ұзақмерзімді несие беру саласында Банктің және оның филиалдарының қызметінің қарқынын арттыруға бағытталған.

Шығарылым проспектілеріне сәйкес Банк 2015 жылы жалпы сомасы 13 500 млн теңгені құрайтын облигациялардың 4 шығарылымын жоспарлы түрде өтеді. Өтеу айналымдағы облигациялардың номиналды құны бойынша шығарылым проспектілерінде белгіленген мерзімде соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы жүзеге асырылды.

ЦентрКредит Банкі ҚР ҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокер қызметін көрсетеді. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЦентрКредит Банкі РЕПО операциялары нарығындағы белсенді қатысушылардың бірі болып табылады. ЦентрКредит Банкі мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен ішкі және сыртқы нарықта мәмілелер жасайды.

ЦКБ АҚШ доллары/қазақстандық теңге валюталық жұбы бойынша банкаралық саудасаттықтағы ең белсенді маркет-мейкер бола отырып, валюталық ішкі нарықта көшбасшы орындарды иеленіп келеді. Банк корпоративтік клиенттермен ынтымақтастық құру нысанын жетілдіруге, технологияларды дамытуға, ішкі және сыртқы нарықтағы валюталық операциялар бойынша қызмет көрсету сапасын арттыруға ерекше назар аударады.

КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Кастодиандық қызмет аясында ЦентрКредит Банкі клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.

Кастодиан – ЦентрКредит Банкі клиенттерінің активтері:

КЛИЕНТТЕР	2013, млн тг	2014, млн тг	2015, млн тг
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАР	6 082	390 797	409 824
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР	183 525	201 219	304 851
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ӨКІЛІ БОЛУ ҚЫЗМЕТІН ТҰТЫНАТЫН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР	29 500	18 000	14 000
БАРЛЫҒЫ	219 107	610 016	728 675

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕСІ

ЦентрКредит Банкі 2001 жылғы шілде айынан бастап «Contact» ақша аударымдары жүйесі арқылы операциялар жүргізеді. «Contact» жүйесі банктік есепшот ашпай-ақ, жеке тұлғаларға ТМД және алыс шет елдерге АҚШ долларымен, EURO-мен және Ресей рублімен ақша аударуға мүмкіндік береді. Кейбір елдерде «Contact» жүйесі бойынша аударылған ақшаны мекенжай көрсетілмесе де төлеу мүмкіндігі көзделген. Жүйе ақша қаражатын банктік есепшотқа, мобильді әмиянға есептеу арқылы ақша аударымын төлеуге мүмкіндік береді. 2010 жылдан бастап «Contact» жүйесінде жеке тұлғалардың төлемдерін есепшот ашпай-ақ, «Contact» жүйесімен шарттық қарым-қатынас орнатқан заңды тұлғалардың, операторлардың және провайдерлердің пайдасына қабылдау бойынша қызмет көрсетіледі.

ЦентрКредит Банкі WesternUnion халықаралық компаниясының Орта Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді. ЦентрКредит Банкі WesternUnion жүйесі бойынша жеке тұлғалар арасындағы ақша аударымдарымен қатар QuickPay (WesternUnion жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасайтын төлемдер) және Quick-Cash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасайтын төлемдер) төлемдерін қабылдайды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкінің агенттік желісі 739 қызмет көрсету орнынан тұрады. АТФ Банк, Forte Bank, Цеснабанк, Сбербанк, Банк ВТБ (Қазақстан), DeltaBank, Астана Банкі, PNB Қазақстан (Дана Банк), Капитал Банк, KassaNova Банкі, BankRBK сияқты қазақстандық 11 банк ЦентрКредит Банкінің субөкілдері болып табылады.


«CONTACT»
WESTERN UNION



«ТЫНЫҚ СУ» МҮСІНІ

Ник Фиддиан-Грин

Ник Фиддиан-Грин – танымал ағылшын мүсіншісі, Eton College және Chelsea College of Arts оқу орнын тәмамдаған. Оның еншісінде бірегей шығармашылық жұмыстар аз емес, алайда олардың ішіндегі ең әйгілісі – автор әлемнің ірі қалаларындағы көшелерде орнатқан алпауыт ат бастары. «Тынық су» мүсіні тұмсығының ұшы жерге тіреліп тұрған аттың басын бейнелейді. Автордың ойы бойынша ғажайып тұлпар су ішуге келді және артқы көрініске байланысты оның басы бұлттардан немесе қалың шөптің арасынан көрініп тұрғандай әсерге бөлейді.



ЖЕДЕЛ АУДАРЫМДАР

«Жедел аударымдар» жүйесі ЦентрКредит Банкінің меншікті әзірлемесі болып табылады және 2000 жылғы шілде айынан бастап сәтті қызмет атқарып келеді. Бұл Жүйе жеке тұлғаларға есепшот ашпай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша ақша аударуға мүмкіндік береді.

Жүйенің бірегейлігі аударымдарды жеткізудің жылдамдығында, оған интернет-технологиялар мен ЦентрКредит Банкінің корпоративтік желісін пайдалану арқылы қол жеткен. Ақша аударудың қазіргі сәтке дейін тіркелген рекордтық жылдамдығы – 2 секунд.

2015 жылы жеке тұлғалардың «Жедел аударымдар» жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген ақша аударымдарының көлемі 2,8 млрд теңгеден асты. Осы Жүйе бойынша 2015 жылы барлығы 42 мыңнан астам ақша аудару операциялары жүргізілді.

ЖЕДЕЛ ТҮСІМ

ЦентрКредит Банкі ұсынатын «Жедел түсім» қызметі осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша түскен ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ келіп түсетін төлемдер туралы нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. 2013 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша төлемдерді қабылдайтын өзіне-өзі қызмет көрсету арналары кеңейтілді.

Атап айтқанда, StarBanking жүйесінде және терминалдарда заңды тұлғалардың қызметтері үшін есепшоттан ақша қаражатын аудару немесе қолма-қолақша салу арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 2 500-ден астам заңды тұлға пайдаланады.

2015 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 3,2 миллионнан астам төлем қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарына 102 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНДЫҚ БАНКИНГ

Клиенттерге ақпараттық қолдау көрсету
(Phone/E-mail/Web/WhatsApp-коммуникациялар, банктік өнімдерді сату бойынша Internet/Phone арқылы)

Клиенттерге арналған Келіп түскен қоңырауларға қызмет көрсету орталығының (ҚҚКО) негізгі коммуникациялары – 4 профиль:

I. Дебит карталарын ұстаушыларды қолдау (ЦКБ-нің АО, тәулік бойы, үздіксіз)
Phone – Алматы қ. (244 77 77), ҚР бойынша тегін қоңырау шалу телефон нөмірі 8 8000 8000 88, қосымша 2 1 (немесе қазақ тілінде – 1 1)
mob. (K-Cell) +7 701 0037 777, (Beeline) +7 771 0037 777;
e-mail: cardservice@bcc.kz

Бір жыл ішінде орташа қоңырау шала алмау көрсеткіші 6,38% болған кезде, клиенттердің телефон арқылы жасалған 578 726 сұранысы өңделді.

II. Интернет-өнімдерді пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсету (дүйсенбі – жұма күндері сағат 08:00-19:00 аралығында, үзіліссіз):
Phone – Алматы қ. (244 30 44), ҚР бойынша тегін қоңырау шалу көзделген телефон нөмірі 8 8000 8000 88, қосымша 2 2 (немесе қазақ тілінде – 1 2)
mob. (K-Cell) +7 701 0037 044, (Beeline) +7 771 0037 044;
e-mail: ib@centercredit.kz

Бір жыл ішінде орташа қоңырау шала алмау көрсеткіші 17% болған кезде, клиенттердің телефон арқылы жасалған 184 978 сұранысы өңделді.

III. Call-Contact Center (банк өнімдері бойынша кеңес беру, дүйсенбі – жұма күндері сағат 09:00-19:00 аралығында, үзіліссіз):
Phone – Алматы қ. (244 30 00), ҚР бойынша тегін қоңырау шалу көзделген телефон нөмірі 8 8000 8000 88, қосымша 2 0 (немесе қазақ тілінде – 1 0)
mob. (K-Cell) +7 701 0037 000, (Beeline) +7 771 0037 000;
e-mail: hotline@bcc.kz

Бір жыл ішінде орташа қоңырау шала алмау көрсеткіші 9,17% болған кезде, клиенттердің телефон арқылы жасалған 391 712 сұранысы өңделді.

IV. Несие алушыларға қолдау көрсету (оның ішінде несие карталарын ұстаушыларға қолдау көрсету қызметі дүйсенбі – жұма күндері сағат 09:00-19:00 аралығында қол жетімді, үзіліссіз):
Phone – Алматы қ. (244 30 20), ҚР бойынша тегін қоңырау шалу көзделген телефон нөмірі 8 8000 8000 88, қосымша 2 3 (немесе қазақ тілінде – 1 3)
e-mail: retail_credit@bcc.kz

Бір жыл ішінде орташа қоңырау шала алмау көрсеткіші 2,39% болған кезде, клиенттердің телефон арқылы жасалған 31 925 сұранысы өңделді.



«ТОРПАҚ» МҮСІНІ

Хелидон Ксикса

Хелидон Ксикса – өнердегі ең оғаш мәнерімен ерекшеленетін итальяндық мүсінші. «Торпақ» әйнек пен металдан жасалған. Оның басты кереметі – мүсінді әртүрлі етіп көрсететін жарық. Айналмалы мүсін өзінің ауқымымен және күнге шағылысқан гауһар тастай әр алуан түспен құбылған таңғалдырарлық өрнегімен әсер етеді.



ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕЛЕРІ

2015 жылдың соңында айналымдағы карталардың саны 1 040 651 данаға тең болды. Банк бұл жылы да ЕДБ нарығында 6,3% үлеспен төртінші орынды иеленіп отыр. 01.01.16 жылғы жай-күйі бойынша несие карталары бойынша несие портфелінің көлемі 1 456 млн теңгеге жетті. Бір жыл ішінде 6000-нан астам несие картасы шығарылды.

Банк саны 616 дананы құрайтын банкоматтар (Cash-In және Cash-Out) желісіне және саны 49 дана ақпараттық-төлем терминалдарына ие. Сауда-саттық және сервис кәсіпорындарында орнатылған POS-терминалдардың жалпы саны жылдың соңында 3 748 дананы құрады, олардың 1 585 данасы балама сұлба бойынша орнатылған (POS-терминалдарды коммерсанттар сатып алып, банктің желісіне қосады). POS-терминалдардың саны бойынша нарықтағы үлесі – 6,1%. Өткен жылмен салыстырғанда, эквайринг жүйесіндегі операциялардың өсімі 31%-ды құрады. POS-терминалдар, банкоматтар мен ақпараттық-төлем терминалдары бойынша жалпы өзін-өзі ақтау бір жыл ішінде 102%-ды құрады.

2015 жылы төлем карталары бойынша 3 706 млн теңге мөлшерінде комиссиялық кіріс (транзакциялық кірісті есепке алмағанда) алынды.

Банк Union Pay халықаралық төлем жүйесінен ЦентрКредит Банкіне UPI халықаралық төлем карточкаларының эмиссиясы мен эквайрингі құқығы берілгендігі туралы ресми растама алды.

2015 жылдың ақпан айында «Онлайн-өтінім» жобасы іске қосылды. Осы жүйенің көмегімен клиенттер түрлі өнімдер бойынша қоңырау шалу туралы өтінімді банкоматтар, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, StarBanking жүйесі, сонымен қатар www.card.bcc.kz қондырма беті арқылы беру мүмкіндігіне ие болды. Барлық өтінімдер Операторлық орталықта шоғырландырылады.

«Интернет-Банкинг» жүйесінің «Mobile» және «Light» жаңа нұсқалары бойынша жоба өнеркәсіптік пайдалануға ұсынылды. Бұл – ИБЖ-ның стандарт нұсқасының негізінде жүзеге асырылған және онымен толық сәйкестендірілген жүйенің қосымша web-нұсқалары.

Заңды тұлғаларға арналған жаңа өнім – 3 млн теңгеге дейін несие лимитін белгілеу мүмкіндігімен Visa Business Credit Card корпоративтік несие картасы ұсынылды.

Алматы қалалық филиалының №2 ҚҚО-сында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы жабдықталған.

«Интернет-Банкинг» жүйесінің клиенттерінің саны 2015 жылы 22,7%-ға артты. «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы жүргізілген төлемдердің үлесі жылдың соңында 86,3%-ды құрады. Интернет-қызмет көрсетудің кешенді қауіпсіздігі тұрғысынан іс-шаралар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының аясында «Kaspersky Fraud Prevention» өнімін енгізу бойынша қанатқақты жоба жүзеге асырылды. Төлем жасау қауіпсіздігін күшейту мақсатында барлық клиенттер ЭСҚ-ның қорғалған тасымалдауыштарын пайдалануға көшіріліп жатыр.

StarBanking жүйесінің белсенді клиенттерінің саны бір жыл ішінде 38,4%-ға артты, 101 762 жаңа пайдаланушы қосылды (өсім – 35%). Қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында жүйеде карталарға тосқауыл қою, карталардан тосқауылды алу бойынша функционал іске асырылған, ол арқылы клиент өзінің төлем карточкасының қауіпсіздігін өз бетінше басқара алады.

2016 жылы Банк өнімдері мен қызмет көрсетулерінің спектрін ары қарай арттыру, соның ішінде Union Pay төлем карталарын шығару, 3D-Secure интернет-төлемдердің қауіпсіздігін күшейту бойынша технологияларды енгізу, ДСН-конверттерсіз төлем карточкаларын шығару міндеттерін алдына қойып отыр.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Қызметкерлер туралы жалпы мәлімет

31.12.2015 жылғы жай-күйі бойынша Банк қызметкерлерінің нақты саны 3 871 қызметкерді құрайды, оның ішінде Банктің Бас офисінде 879, филиалдық желісінде 2 992 қызметкер еңбек етеді. Қызметкерлердің орташа жасы – 35 жас.

Қызметкерлерді іріктеу, бағалау және ілгерілету

Жас мамандары өсіру жобасын жүзеге асыру аясында ҚР-дың жетекші жоғары оқу орындарымен жұмыс істеу жолға қойылып, Банк туралы тұсаукесер өткізу үшін жоғары оқу орындарына бару тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәжірибе жинақтау үшін 2015 жылы Банкте 80-нен астам студент диплом алдындағы тәжірибеден және 56 жас маман тағылымдамадан өтті.

Банктің стратегиясын жүзеге асыру аясында несиелік және операциялық қызмет саласындағы қызметкерлердің мансабын көтеру жүйесі әзірленді. Осы қызмет бағытындағы қызметкерлерге жаппай тестілеу өткізу тәжірибесі қайта қолға алынды. Оған 3 729 маман қатысып, орташа өту балы 87%-ды құрады.

3 147 қызметкер қатысқан қызметкерлерді бағалау нәтижесі бойынша 835 жоғары нәтижелі, дарынды және тірек қызметкерлер анықталды. Осы мамандарды ұстап қалу мақсатында бекітілген жеке үстемеақыны, медициналық сақтандырудың кеңейтілген бағдарламаларын, еңбек демалысының қосымша күндерін қамтитын өтемақы пакеті кеңейтілді.

Тірек мамандарды ұстап қалуға бағытталған іс-шаралар қызметкерлердің бейілділік индексінің артуына және қызметкерлердің жұмыстан кету көрсеткіштерінің 12%-ға төмендеуіне әсер етті.

Оқыту және дамыту

Қызметкерлердің біліктілік деңгейін жетілдіру мақсатында 2015 жылы 2 155 маман оқытылды. Стратегиялық инвестормен бірге кешенді бағдарлама бойынша ЦентрКредит Банкінің 30 қызметкері Kookmin Bank (Корея, Сеул) үш апталық оқуға қатысты. Банктің ішкі тренерлері клиентке бағытталған сервис, сатылым жасау техникасы, тиімді коммуникациялар және т.б. бойынша 36 тренинг өткізіп, өңірлердің 737 қызметкері оқытылды. Қашықтан оқыту бағыты белсенді даму үстінде, оның аясында қашықтан оқыту бойынша 27 курс әзірленді/жаңартылды, қызметтің түрлі бағыттары бойынша 2 496 курс тағайындалды.

Корпоративтік мәдениет

Жыл сайын Банк бейілді әрі ұйымшыл ұжымды қалыптастыру құралы ретінде жақсы танылған келесі іс-шаралар қатарын өткізеді:

- Банк қызметкерлерін жеткен жетістіктері мен жұмыс нәтижесі үшін Банк басшылығы атынан грамоталармен және алғыс хаттармен марапаттау;
- қызметкерлерді мемлекеттік марапат алуға ілгерілету;
- корпоративтік мерекелерді (Банктің туған күні, Наурыз, 8 наурыз, Ұлттық валюта күні, Жаңа жыл және т.б.) өткізу;
- тимбилдингтерді, бірлескен қайырымдылық іс-шараларын және т.б. өткізу.

Банк өзінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясатын ұстанады. Банк қызметкерлердің жеке және психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің науқастанған жағдайда ерікті сақтандыруын жүзеге асырады.

АУДАРМА

Мемлекеттік тілді қолдану, көптілділікті сақтау, ағылшын, корей тілдерін пайдалану, көптілді халықаралық банктік жүйені қалыптастыру – Банк үшін әлі де маңызды мәселе.

2015 жылы Аударма басқармасы Банктің іс жүргізу саласына қазақ тілін енгізу бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Қазіргі уақытта ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар, нормативтік құжаттар, банктің клиенттерімен, сонымен қатар Банкке өз қызметтерін жеткізушілермен жасалатын барлық шарттар мен келісімдер, ақпараттық-жарнамалық өнімдер мен көрнекі материалдар мемлекеттік және өзге тілдерде ресімделеді. «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы заңының, ономастика мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарын сақтау мақсатында мемлекеттік тілде ішкі және сыртқы құжатайналымды жүргізу қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар Аударма басқармасы стратегиялық серіктестер – Қазақстанның ЦентрКредит Банкі мен Кореяның Кукмин Банкі арасындағы көпір іспеттес бола отырып, Банктің шетелдік серіктестерімен байланыстырушы буын ретінде қызмет етіп, түрлі материалдар мен Банктің күнделікті жұмысы барысындағы кездесулерді ағылшын және корей тілдеріне аударуды қамтамасыз етуді, Банктің алқалы органдарының мәжілістерін синхронды түрде аударуды жүзеге асырады. Банктің корей тілі аудармашылары Қазақстан Республикасы нарығында сертификатталған бірден-бір синхронист-аудармашылар және қаржы салысындағы азын-аулақ кәсіби білікті аудармашылардың бірі болып табылады.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастық құру аясында Банк Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес субъектілеріне несие беру туралы бірқатар келісімдер жасады. ЕҚДБ қолдауымен МШОБ-қа несие берудің тиімділігін арттыру стратегиясын әзірлеу жобасы іске қосылды. Оны жүзеге асыру үшін халықаралық және жергілікті компаниялар қатарынан мердігер-компанияны таңдауға іріктеу жүргізілді. Іріктеудің тиісті дәрежеде және әділ жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылған барлық ұсыныстарды Басқарма қызметкерлері ағылшын тілінен орыс тіліне аударды.



«ГҮЛДЕР»

Энди Уорхол

Энди Уорхолдың шоқтығы биік шығармаларының бірі – 1964 жылы Лео Кастеллидің галереясында өткен маңызды көрмеге қатысқан «Гүлдер» картинасы. Уорхол төртбұрышты кенепке сурет салғанды жақсы көрген, өйткені ол суретші бейнелеген нәрсені көрермендер осылайша оңайырақ қабылдайды деген пікірде болған. Уорхол өзінің «Гүлдері» үшін жасанды, синтетикалық түстерді таңдаған және жекелеген бөліктердің көрінбей қалып, пішіндердің мейлінше жалпылама көрініске айналуы үшін түпкі бейнедегі түстердің айқындығын түбегейлі күшейткен.



АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2015 жылы Ақпараттық технологиялар (IT) тобы Банктің ағымдағы операциялық қызметін дамытуға және қолдауға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүргізді, атап айтқанда: IT тобының қолдауымен клиенттерге қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту аясында төмендегідей бірқатар жобалар жүзеге асырылды:

- «Интернет-Банкинг» жүйесінің қауіпсіздігін күшейту үшін OTP (one time pass word) құрылғыларды пайдалану, клиенттің жүйеге параллельді кіруіне тосқауыл қою, USB - токендердің пайдаланылуына мониторинг жүргізу және оларды ұсыну бойынша қызметтер кеңейтілді.
- Visa Electron төлем карталары бойынша интернет-төлемді енгізу арқылы функционалы кеңейтілді.
- Төлем карталарының қауіпсіздігін арттыру және оларды жедел басқару үшін тосқауылдан алу функционалы енгізілді.
- Сатылым көлемін арттыру және клиенттердің Банкке бару уақытын қысқарту төлем картасын/несие беру/депозит ашу туралы өтінімдерді жөнелту қызметі іске қосылды.
- «Интернет-Банкинг» жүйесінің қауіпсіздігін күшейту мақсатында IT басқару комитетінің шешімімен «Интернет-Банкинг» жүйесін пайдаланушыларды Kaztoken USB-токеніне көшіру мәселесі бекітілді.
- Заңды тұлға клиенттерге арналған «Интернет-Банкинг» жүйесіне мобильді түрде үшін абоненттік төлемнің жаңа түрі енгізілді.
- «Интернет Банкинг»/«Starbanking» жүйелерінің қауіпсіздігін күшейту аясында Kaspersky Fraud Prevention өнімін енгізу бойынша қанатқақты жоба енгізілді.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру мақсатында келесі жобалар іске асырылды:

- Қарыздар бойынша автоматты түрде провизия есептеуге және несие портфелін қате жіберуіне жол бермеу арқылы операциялық тәуекелдікті барынша азайту үшін жиынтық ақпарат қорын алу мақсатында ҚЕХС стандарттары бойынша провизия есептеу автоматтандырылды.
- Қаржылық мониторинг бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуіне, инкассалық өкімдерді және т.б. орындауға бағытталған талаптар пулы.

IT тобы 2015 жылы жеке және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған төмендегідей техникалық жобалар қатарын жүзеге асырды:

- Банкоматтарды Active Directory жұмысына ауыстырды, соның арқасында бір жұмысын бақылауға және т.б. мүмкіндік туды.
- OpenVPN арнайы бағдарламалық қамсыздандыру арқылы банкоматтардың трафигін 50%-ға және ақпараттық-төлем терминалдарының трафигін 100% ға деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік берді.

2015 жылы ақпараттық жүйені оңтайландыру мақсатында орындалған негізгі жұмыстар:

- Файлдық серверлерді және филиалдардың жалпы инфрақұрылымының серверлерін шоғырландыру, оның арқасында жабдықтардың саны мен оларды сүйемелдеуге жұмсалатын шығын елеулі түрді қысқарды.
- Процессинг орталығының деректері Oracle Solaris платформасына көшірілді. Жабдықтардың күтіміне және оларды техникалық қолдауға жұмсалатын шығын қысқартылды. Ағымдағы күнді жабудың күнделікті процедурасының ұзақтығы 58%-ға қысқарды, деректерді мұрағатқа көшіру бойынша тоқсан сайын жүргізілетін процедураның ұзақтығы 50%-дан аса қысқарды.

Қолданыстағы процестерді оңтайландыру бойынша:

- Жедел мониторинг жүргізу және қарыз беру бойынша шешім қабылдау үшін заңды тұлғалардың несиелік рейтингін есептеудің жаңа моделі (CRS) жүзеге асырылды.
- Банк өңірлерінде басып шығару-көшірме жасау инфрақұрылымын ұйымдастыру мүмкіндігіне талдау жасалды, оның нәтижесі бойынша жергілікті басып шығару техникасының санына және түрлі-түсті басылымға жұмсалатын шығынға қатысты шығыстарды қысқарту жолдары бойынша ұсыныстар жасалды.
- Шығыстарды оңтайландыру мақсатында IT басқару комитеті 2015 жылы банкоматтар мен ақпараттық-төлем терминалдарын сатып алу және олардың орнын ауыстыру туралы жоспарды қарастырып бекітті.
- IT басқару комитетінің шешімі бойынша жаппай процедураларды жүргізу ақытын қысқартатын электрондық ресурстармен жұмыс кезінде кеңейтілген мүмкіндіктерді, оқытудың жеке ортасын күйге келтіруді ұсынатын WebTutor бағдарламалық қамсыздандыруының жаңа нұсқасына көшу бекітілді.
- «Контур. Корпорация» 3.0. басқару есебінің жаңа нұсқасына көшу жүзеге асырылды.
- IT басқару комитетінің шешімімен Help Desk бағдарламалық қамсыздандыруының жаңа нұсқасына өту бекітілді, оның арқасында күрделі процестерді автоматтандыру бойынша функционал кеңейтілді.
- IT басқару комитетінің шешімімен деректерді қағаз тасымалдауыштардан автоматты түрде танудың бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану арқылы төлемдерді өңдеудің орталықтандырылған моделіне өту бекітілді, оның арқасында филиалдардың құрылымдық бөлімшелеріндегі бэкофистік қызметтердің саны қысқарады, басқару және шығындарды азайту құралы ретінде бэкофистік қызмет шоғырланады және бір орталықта болады, электрондық құжатайналымның заманауи жүйесі құрылады және клиенттік төлемдер жүргізген кезде тәуекелдер бір орталықтан бақыланады.

Аспаптық платформаны қамтамасыз ету мақсатында Банктің дамуы үшін Бас офистің ғимаратында Деректерді өңдеу орталығы құрылған. Ол жалпы ауданы 240 м2 және тұтынатын ең үлкен қуаты 320 кВт құрайтын екі аспаптық залдан тұрады. Осы жобаға жасалған инвестициялар 790 млн теңгеден асты.

IT-стратегияны жүзеге асыру жоспарына сәйкес 2013 жылы өнеркәсіптік банктік шешімге ету туралы стратегиялық шешім қабылданды, ол 2015 жылы клиенттік операцияларды жүргізудің қауіпсіздігінің жоғары деңгейінде болашақта мүмкін болатын ең аз мерзім ішінде жаңа өнімдер мен қызметті нарыққа шығаруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты:

- Core banking бойынша кастомизация кезеңі аяқталды;
- Core banking бойынша 5 тесттік сынақ өткізілді.

2015 жылы IT-инфрақұрылымды жаңартуға және күшейтуге жұмсалған инвестиция 709,5 млн теңгені құрады.

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ӨТКІЗУ ЖЕЛІСІ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу желісі 2016 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 19 филиалдан және олардың 111 құрылымдық бөлімшесінен тұрады.



Банктің Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларында филиалдары бар. Жалпы алғанда, филиалдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша 37 елді мекенде орналасқан. Біздің құрылымдық бөлімшелер банк қызметінің толық спектрін көрсетеді.

Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында 2015 жылы Қостанай мен Рудный қалаларындағы филиалдарда интеграция сәтті жүргізіліп, тиімділігі төмен 6 құрылымдық бөлімше жабылды және 3 құрылымдық бөлімшенің орны ауыстырылды.

Өткізу желісінің тиімділігін арттырудың тірек факторы – қазіргі клиенттермен арадағы қарым-қатынасты нығайту, әлеуетті жаңа клиенттерді тарту, сонымен қатар қашықтан көрсетілетін қызметтерді дамыту.

Қазіргі күні құрылымдық бөлімшелер банк өнімдерін ұсыну және клиенттерге қызмет көрсету бойынша басым арна болып табылады. Бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін клиенттердің үміті мен жұмыс процесін тиімді ұйымдастыру арасындағы теңгерімді қолдау жөнінен кешенді жұмыс жүргізіледі.



«ШҰБАР АТ» МҮСІНІ

Лорето Вероччия

Лорето Вероччия – итальяндық шебер, Париждегі де-ла-Гранд Шомьер Академиясының шәкірті. Лорето шауып бара жатқан аттардың өте әсем мүсіндерін ірі асыл тастардай жылтыратылған және түстердің шексіз палитрасын беретін металл кесектерінен жасайды. Оның ерекше сәнге толы жұмыстары үйлесімге, қозғалыс пен еркіндікке толы. Автордың айтуынша, «металл ол үшін алтын немесе гауһар сияқты геологиялық құндылыққа ие».



Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығы мен бағалы қағаздар нарығының 20-жылдық тарихы бар. Қор нарығының ұзақ жылдарға созылған даму деңгейінде институционалдық инвесторлар мен жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары басым болды; алайда, өкінішке орай, олардың 2013 жылы нарық сахнасынан кетуі нарықтың өтімділігіне елеулі түрде теріс ықпал етті. Осыдан кейін жеке секторды белсенді дамыту кезеңі орнап, мемлекет «халықтық IPO» атты екі бағдарламаны өткізді. Соның арқасында ашық брокерлік есепшоттардың саны 10-нан 100 мыңға дейін артты.

Сонымен қатар жеке сегмент қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігіне, сонымен қатар алатын кірісінің төмен болуына орай өзінің бос ақша қаражатын қор нарығына салуға дайындығын көрсете алмады. Осылайша, мәмілелерге белсенді қатысатын жеке тұлғалардың есепшоттарының саны 2015 жылы орташа есеппен алғанда 2 мыңнан аспады. Бұл ауыз толтырып айтарлықтай көрсеткіш емес және 2007 жылғы деңгейден 1000 есепшотқа ғана ерекшеленеді (халықтың қор нарығына өтуі 0,02%-дан төмен).

2015 жылы ұлттық валютаның бәсеңдік танытуы, KASE индексінің құрамына кіретін ең ірі кәсіпорындардың өсімін қамтамасыз ететін мұнай мен басқа минералды активтер құнының төмендеуі 2015 жылы KASE индексінің 10,8%-ға түсуіне әкеліп соқты. Ал егер доллар сипатында есептейтін болсақ, онда индекстің түсуі 2 еседен де көп болды.

Экономика өсімінің құлдырауы, халықтың кірісінің төмендеуі және еліміздің ауыл шаруашылығы субъектілеріне арналған өтімділік талаптарының нашарлауы кезінде клиенттердің инвестиция жасау қабілеті мен ниеті бәсеңдей түсті. Ақшаның құнсыздануы мен алыпсатарлықты бағам бойынша ұстап тұру аясында ҚР Ұлттық Банкі қор нарығының қатысушылары мен екінші деңгейдегі банктер үшін ұлттық валюта ұсыныстарының көлемін төмендетіп, ол қысқамерзімді қарыздар нарығындағы әдеттегіден жоғары мөлшерлемелер мен құбылмалылыққа әкеліп соқты (нарықта қаражатты тарту мөлшерлемесі 200% деңгейге жетті).

Осы шаралар нарықтағы несие берудің шұғыл қысқаруына әкеліп, қор нарығы ақша өтімділігінен айырылды. Ұлттық валютамен қаражат орналастырудың жоғары мөлшерлемесіне қарамастан, клиенттер өз жинақтарын АҚШ долларында сақтауды жөн тұтады. Осылайша, доллардың үлесін азайту бойынша жоспарлар болжанған (көзделген) жылдамдықпен жүзеге асырылмады. Реттеуші теңгелік өтімділіктің негізгі жеткізушісі болғандықтан, нарық жеке-дара иемденуге өтті. Осындай күрделі сыртқы жағдайларда брокерлік компаниялардың бір бөлігі лицензияларды ерікті тапсыру туралы шешім қабылдады.

2015 жылы орнаған осындай оңай емес жағдайда корпоративтік және жеке клиенттерді тарту, қызмет көрсету сапасын арттыру, қашықтан көрсетілетін қызметті дамыту бойынша белсенді іс-әрекеттердің арқасында BCC Invest нарықтық үлесін арттырып, көшбасшы орынға ие болды. Оны комиссиялық кірістің 80%-ға өсуі дәлелдейді. Компания KASE-дегі белсенділігі бойынша көшбасшы орынға ие болды.

Жылдың қорытындысы бойынша компания РЕПО секторында (ақша қаражатын қысқа мерзімге тарту және орналастыру) бірінші орынды иеленді. Ол нарықтағы үлесін 3,36%-ға арттырып, 15,69% деңгейіне қол жеткізді. Жылдың қорытындысы бойынша BCC Invest компаниясының облигациялар секторындағы үлесі 9%-дан 17%-ға дейін өсті.

Осыған қоса осы кезеңдегі клиенттердің саны 7%-ға артты, ал өңделген өтімдердің саны 2014 жылмен салыстырғанда екі есе, 2013 жылмен салыстырғанда үш есе артты. Облигация ұстаушылардың өкілі (ОҰӨ) болу қызметін көрсету бойынша компания 30%-дан аса нарықтық үлесімен бірінші орынға ие болды. Маркет-мейкер қызметі бойынша компанияның үлесі 15%-дан асты.

BCC Invest ұйымының 2015 жылғы қызметінің қорытындысы:

- Таза пайдасы – 607 609 мың теңге, бұл 2015 жылмен салыстырғанда екі есе жоғары;
- Активтер – 8 655 997 мың теңге;
- Меншікті капитал – 7 212 944 мың теңге.

Сыртқы жағымсыз жағдайларға және энерготасымалдаушылардың ең төмен бағаларына қарамастан, 2015 жылдың мамыр айында Үкімет ҚР-дағы қор нарығының жаңа даму дәуірінің басы аталатын жаңа қадам жасауға – Астана халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құруға бел байлады. Орталықтың негізін салушылардың ойы бойынша АХҚО Қазақстан Республикасының тұтас қаржы секторы үшін негізгі фактор болуға тиісті.

АХҚО қатысушыларына салықтық жеңілдіктер, шетелдік мамандарды еркін тарту мүмкіндігі және құқықтық қарым-қатынастарды реттеу кезінде ағылшын құқығы беріледі. Сондай-ақ мемлекет кең ауқымды жекешелендіру бойынша жоспарларын хабарлап, осы бағдарлама объектілерінің бір бөлігін қор нарығы арқылы өткізу жоспарлануда; сонымен қатар Президент БЖЗҚ активтерін жеке басқарушы компанияларға тапсыру туралы жоспарларын хабарлап, жақын болашақта қор нарығының дамуына жаңа ынта-жігер беретініне сенім ұялатты.

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ «ВСС-ОУСА» ЖШС

2013 жылғы 21 тамызда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы «ВСС-ОУСА» ЖШС құрылды. «ВСС-ОУСА» ЖШС – күдікті және үмітсіз активтерді басқаратын ұйым. Ұйымның мақсаты – мемлекеттік бағдарламалар аясында ірі бизнесті сауықтыру және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тан сатып алынған проблемалы несиелер бойынша активтерді жақсарту.

«ВСС-ОУСА» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары:

- бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алу;
- бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілердің меншік құқықтарын сатып алу;
- құрылысқа, құрылысты аяқтауға және (немесе) жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға енгізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру;
- кепіл ретінде қабылданған жағдайда, заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті жалға беру;
- бас банктің меншігіне өткен жылжымалы мүлікті сатып алу;
- қарыз беру;
- күдікті және үмітсіз активтерді қаржылық лизингке, жалға, сенімді басқаруға немесе мүлікті ақылы және уақытша пайдаланудың басқа нысанына тапсыру;
- күдікті және үмітсіз активтердің сапасын жақсартуға бағытталған қызметті жүргізу, оның ішінде үшінші тұлғалардан жер телімдерін және (немесе) аяқталмаған құрылысты сатып алу;
- мүлікке және (немесе) мүліктік кешенге байланысты тауарларды, жұмыс пен қызметтерді (оған қоса қызметтік лицензия берілген түрлерін) өндіру және іске асыру;
- бас банкке және (немесе) заңды тұлғаларға күдікті және үмітсіз активтерді сатып алуға байланысты қызметті (кеңес беру, заң тұрғысынан қолдау көрсету, сот органдарында, басқа уәкілетті органдар мен заңды тұлғаларда мүддесін білдіру) ақылы негізде көрсету.

«ВСС-ОУСА» ЖШС-ның стратегиялық міндеттері:

- бас банктің несиелер портфелін жақсарту;
- проблемалы активтерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;
- мониторинг жүргізуді күшейту;
- ақша қаражаты түрінде барынша толық қайтаруды қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілгендердің ішінен ОУСА Банкке несиелер портфелінің сапасын жақсарту бойынша үлкен көмек көрсететінін, сонымен қатар Банкке бас банкте орналасқан және жұмыс істемейтін қарыздардан кіріс алу мүмкіндігін беретінін атап өту қажет.

Қазіргі күні ОУСА портфелі бас банк тапсырған жаңа жобалармен толықтырылып отыр. Оң нәтиже беретін іс-шаралар жоспары мен бизнес-жоспарларға сәйкес олармен белсенді жұмыс жүргізілуде.

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне:

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының осы құжатта көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Бұл есептіліктің құрамына банктің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күні аяқталған бір жыл ішіндегі пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп, өзге жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есеп, капиталындағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларынан тұратын ескертулер мен басқа да түсіндірме ақпарат кірді.

Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің Қаржылық есептілік халықаралық стандарттарына сәйкес жасалуы және оның шынайы болуы үшін, сонымен қатар басшылық адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз – өзіміз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы пікірімізді білдіру. Біз Аудиттің халықаралық стандарттары негізінде аудит жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтың болмағанына сенім беретін аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді растайтын аудиторлық дәлелдемелерді алуға және ондағы ақпаратты ашуға бағытталған процедураларды қамтиды. Процедураларды таңдау аудиторлардың кәсіби пайымдауына, оған қоса адал атқарылмайтын іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдігін бағалауға негізделеді. Аудиторлар осындай тәуекелдіктерді бағалау барысында мән-жайға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жасалуына және оның шынайы жасалуына ішкі бақылау жасайтын жүйені қарастырады, бірақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді. Сондай-ақ аудит қолданылатын есеп саясатын тиісті дәрежеде бағалауды және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сонымен қатар тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік беруді бағалауды қамтиды.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.

Пікір

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілер тұрғысынан «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.



Роман Саттаров
Жоба бойынша серіктес
Орындаушы-аудитор
2013 жылғы 31 мамырда берілген
№ МФ-0000149
Аудитордың біліктілік туралы куәлігі



«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметті жүзеге асыруға берілген мемлекеттік
лицензиясы №0000015, сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС-ның Бас директоры

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қаласы

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есеп

(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайда (шығынды) қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)

Ескерту	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
ЖАЛҒАСАТЫН ҚЫЗМЕТ		
Пайыздық кіріс	4,28	97,604
Пайыздық шығыс	4,28	(52,518)
ПАЙЫЗ ЕСЕПТЕЛЕТІН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА РЕЗЕРВ ҚҰРҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС	4	45,086
Пайыз есептелетін активтердің құнсыздануына бөлінген резерв	5	(30,314)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		14,772
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер және міндеттемелер бойынша таза пайда	6	77,645
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша таза іске асырылған пайда / (шығын) / Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда / (шығын)	7	(167)
Қызмет көрсетуден алынған кіріс және алынған комиссия	8	20,821
Қызмет көрсетуге кеткен шығыс және төленген комиссия	8	(2,174)
Өзге операциялар бойынша құнсыздануға бөлінген резерві қайта қалпына келтіру	5	2,065
Өзге кіріс		278
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІС		21,193
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС		35,965
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫС	9, 28	(28,090)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА		7,875
Пайдаға салынған салық бойынша шығыс	10	(1,834)
ЖАЛҒАСАТЫН ҚЫЗМЕТТЕН БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ АЛЫНҒАН ПАЙДА		6,041
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ		
Тоқтатылған қызмет бойынша бір жыл ішіндегі шығын	11	(4,100)
ТАЗА ПАЙДА		1,941
Бас банктің акционерлеріне қатысты		1,916
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты		25
		1,941
БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (ШЫҒЫН)		
Жалғасатын қызмет бойынша		
Негізгі (теңгемен)	12	29,89
Туынды (теңгемен)	12	29,90
Тоқтатылған қызмет бойынша		
Негізгі (теңгемен)	12	(25,32)

* Пайдасы мен шығыны туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген алдыңғы кезең бойынша сомалар қызметті жалғасатын және тоқтатылған деп жіктеу мақсатында қайта саралануы мүмкін.

Басқарманың басшысы

Ли В.С.
Басқарма Төрағасы

2016 жылғы 24 наурыз, Алматы қ.

Янг Джин Хван
Басқарушы директор

2016 жылғы 24 наурыз, Алматы қ.

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2016 жылғы 24 наурыз, Алматы қ.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІСІ
ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(қазақстандық миллион теңгемен)

	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Таза пайда	1,941	967
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС / (ШЫҒЫН)		
Кейін пайда немесе шығын құрамына топтастырылуы мүмкін баптар:		
Шетелдік қызметті қайта есептеу кезінде пайда болған бағамдық айырма (нөл теңге салықты алып тастағанда)	402	(327)
Бір жыл ішінде қолдағы сатуға арналған инвестициялардың әділ құнының өзгеруінен болған таза шығын (нөл теңге салықты алып тастағанда)	(1,671)	(920)
Бір жыл ішінде іске асырылған қолдағы сатуға арналған инвестициялар бойынша қайта жіктеу (нөл теңге салықты алып тастағанда)	167	(60)
Пайдаға салынатын салықты шегергенде, бір жыл ішіндегі өзге жиынтық шығын	(1,102)	(1,307)
	839	(340)
БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС / (ШЫҒЫН)		
Бас Банктің акционерлеріне қатысты	814	(327)
Иеліктің бақылаусыз үлестеріне қатысты	25	(13)
БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС / (ШЫҒЫН)	839	(340)

Басқарманың басшысы:

Ли В.С.
Басқарма Төрағасы

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

Янг Джин Хван
Басқарушы директор

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТӨҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескерту	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты және оның баламалары	13, 28	242,123	112,628
Міндетті резервтер	13	15,951	17,321
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	14	103,750	24,297
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	15	96,680	53,576
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	16	6,610	9,644
Банктердегі қаражат	17	10,173	8,348
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	18, 28	891,980	829,402
Пайдаға салынған ағымдағы салық бойынша активтер		148	1,181
Өзге активтер	19	29,048	17,738
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	20	33,370	32,160
		<u>1,429,833</u>	<u>1,106,295</u>
Сатуға арналған активтер	11	12,578	-
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		1,442,411	1,106,295
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	21, 28	181,548	117,880
Клиенттер мен банктердің қаражаты	22, 28	1,060,078	808,296
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	26,595	30,862
Пайдаға салынған кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	10	768	236
Өзге міндеттемелер	24	17,324	9,530
Реттелген облигациялар	25	62,181	54,012
		<u>1,348,494</u>	<u>1,020,816</u>
Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелер	11	7,737	-
Барлық міндеттемелер		<u>1,356,231</u>	<u>1,020,816</u>
КАПИТАЛ:			
Бас банктің акционерлеріне қатысты капитал:			
Жарғылық капитал	26	69,741	69,791
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры		(2,742)	(1,238)
Бағамдық айырма қоры		(250)	(652)
Бөлінбеген пайда		19,078	17,162
Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық капитал		<u>85,827</u>	<u>85,063</u>
Иеліктің бақылаусыз үлестері		353	416
Барлық капитал		<u>86,180</u>	<u>85,479</u>
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		1,442,411	1,106,295
Бір жай акцияның номиналдық құны (тенге)	12	444	444
Бір артықшылықты акцияның номиналдық құны (тенге)	12	300	300

Ли В.С.
Басқарма Төрағасы

Янг Джин Хван
Басқарушы директор

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТӨҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ КАПИТАЛЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(қазақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау қоры	Бағамдық айырма қоры	Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық капитал	Иеліктің бақылаусыз үлестері	Барлық капитал
2013 жылғы 31 желтоқсан	69,826	(258)	(325)	16,077	85,320	1,550	86,870
Таза пайда (шығын)	-	-	-	980	980	(13)	967
Пайдаға салық салғаннан кейінгі бір жыл ішіндегі өзге жылдық шығын	-	(980)	(327)	-	(1,307)	-	(1,307)
Меншікті акцияларды сатып алу, нетто (26-ескерту)	(35)	-	-	-	(35)	(351)	(35)
Ешiлес ұйымдардың дивидендтері	-	-	-	-	-	-	(351)
«Капитал» ЖЗК» АҚ-тың акцияларын сатып алудан түскен пайда	-	-	-	105	105	-	105
«Капитал» ЖЗК» АҚ-тың акцияларын сатып алу есебінен бақыланбайтын үлестерді азайту	-	-	-	-	-	(770)	(770)
2014 жылғы 31 желтоқсан	69,791	(1,238)	(652)	17,162	85,063	416	85,479
Таза пайда	-	-	-	1,916	1,916	25	1,941
Пайдаға салық салғаннан кейінгі бір жыл ішіндегі өзге жылдық (шығын)/пайда	-	(1,504)	402	-	(1,102)	-	(1,102)
Меншікті акцияларды сатып алу, нетто (26-ескерту)	(50)	-	-	-	(50)	-	(50)
«BCC Invest» АҚ-тың акцияларын сатып алу	-	-	-	-	-	(88)	(88)
2015 жылғы 31 желтоқсан	69,741	(2,742)	(250)	19,078	85,827	353	86,180

Басқарманың Төрағасы
Ли В.С.
Басқарма Төрағасы

Янг Джин Хван
Басқарушы директор

Нурғалиева А.Т.
Бас бухгалтер

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

2016 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(қазақстандық миллион теңгемен)

	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Алынған пайыздар	91,233	91,712
Төленген пайыздар	(51,393)	(49,230)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	21,456	22,470
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(2,111)	(1,901)
Өзге алынған кіріс	(980)	204
Төленген операциялық шығыс	(31,268)	(25,229)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының келуі	28,897	38,026
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі:		
Міндетті резервтер	1,370	(676)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері	(1,211)	2,556
Банктердегі қаражат	(1,821)	(4,383)
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	(293,164)	(94,414)
Өзге активтер	(6,383)	(2,930)
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	64,123	26,770
Клиенттердің және банктердің қаражаты	250,271	4,867
Өзге міндеттемелер	8,525	2,157
Салық салғанға дейінгі операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының келуі / (кетуі)	50,607	(28,027)
Төленген пайда салығы	(269)	(178)
Операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза келуі / (кетуі)	50,338	(28,205)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатудан түскен түсім	20,970	22,806
Қолдағы сатуға арналған инвестицияларды сатып алу	(42,646)	(23,206)
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды өтеуден түскен түсім	7,184	5,282
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	(1,898)	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(3,109)	(1,928)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	787	119
Инвестициялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза келуі / (кетуі)	(18,712)	3,073

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(қазақстандық миллион теңгемен)

	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Меншікті акцияларды сатып алу (26-ескерту)	(50)	(35)
Еншілес ұйымдардың дивидендтері	-	(351)
Бақыланбайтын үлес акцияларын сатып алу	(88)	(722)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(6,500)	(41,953)
Реттелген облигацияларды өтеу	(7,000)	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	11	25,000
Шығарылған реттелген облигациялардан түскен түсім	16,246	910
Қаржылық қызметке байланысты ақша қаражатының таза келуі / (кетуі)	2,619	(17,151)
<i>Шетелдік валюта бағамының өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламасына қатысты ықпалы</i>		
	95,250	13,400
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ / (АЗАЮБІ)	129,495	(28,883)
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ, жылдың басында (13-ескерту)	112,628	141,511
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ, жылдың соңында (13-ескерту)	242,123	112,628
		
Басқарманың атынан Лн В.С. Басқарма Төрағасы	Янг Джин Хэян Басқарушы директор	Нургалиева А.Т. Бас бухгалтер
2016 жылғы 24 наурыз Алматы қ.	2016 жылғы 24 наурыз Алматы қ.	2016 жылғы 24 наурыз Алматы қ.



«ГҮЛ ҮСТІНДЕГІ ҚҰСТАР»

Фернан Леже

Фернан Леже – француз суреткері және мүсіншісі, декоративтік өнердің шебері. Леже түстердің кереғарлығын, реңдерін және көріністерді ептілікпен ұштастыра отырып, оларды ширақ әрі өзіне тән әсемдікке толы тамаша бейнелерге айналдырады. «Гүл үстіндегі құстар» туындысы өзінің еркіндігімен және жылы сезімімен көрермендерді ерекше тартады



ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2015 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

2014 жылдың желтоқсаны - 10 млрд теңге сомасындағы қаражатты тарту туралы ЕҚДБ-мен несиелік келісім жасалды. 5 млрд теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2015 жылғы қаңтар айында, екінші транш 2015 жылғы тамыз айында алынды.

Наурыз – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы бойынша 3 млрд теңге сомасын тарту туралы келісім жасалды.

Осы айда «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-пен өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы бойынша 3 млрд теңге сомасындағы қаражатты тарту туралы келісім жасалды.

Сәуір – отандық көлік құрастырушылардың автокөліктерін сатып алушыларға несие беру арқылы қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін ҚДБ-мен 20 жыл мерзіміне 2 млрд теңге сомасын тарту туралы келісім жасалды.

Мамыр – ҚДБ қаражаты есебінен жеңілдетілген автонесие беру бағдарламасы бойынша бірінші қарыз берілді.

Маусым – «Проблемалы несиелер қоры» АҚ-пен 15,6 млрд теңге сомасына жасалған банктік салым шартына қол қойылды.

Тамыз – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ЦентрКредит Банкін «Валют Транзит Банк» АҚ-тың салымшыларына қосымша төлем жасау үшін агент-банк ретінде тағайындады.

Қыркүйек – ЕҚДБ-мен әйелдер кәсіпкерлігі субъектілерін қаржыландыру үшін әрқайсысы 5 жыл мерзіміне берілетін жалпы сомасы 3 720 млн теңге мөлшеріндегі 2 траншты тарту туралы несиелік келісім жасалды. 1, 86 млрд теңгені құрайтын бірінші транш Банкке 2015 жылғы қазан айында келіп түсті.

Қараша – стратегиялық серіктес Kookmin Bank ЦентрКредит Банкіне 100 млн АҚШ доллары мөлшерінде жаңартылатын несие желісін (uncommitted credit facility) беретін несие шартына қол қойылды.

ЕҚДБ-мен ШОБ субъектілерін қаржыландыру үшін әрқайсысы 5 жыл мерзіміне берілетін 13, 5 млрд теңге мөлшеріндегі соманы тарту туралы несиелік келісім жасалды. Қарыз қаражаты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен бірге тартылған. 6,75 млрд теңге мөлшеріндегі бірінші сома 2015 жылғы желтоқсан айында алынды.

Желтоқсан – айналымдағы төлем карталарының саны бойынша әлемдегі ең ірі төлем жүйесі болып табылатын UnionPay International халықарық төлем жүйесіне қосылды.

ЦентрКредит Банкі ШОБ саласындағы кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру бағдарламасы бойынша клиенттерден өтінімдер қабылдауды бастады.

ТӘУЕКЕЛДІКТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Валюталық бағамды реттеуден бас тартуға байланысты 2015 жылы Қазақстан Республикасының қаржы нарығында қалыптасқан күрделі жағдайға қарамастан, Банктің тәуекелдіктерді басқару жүйесін енгізуге және жетілдіруге байланысты бұрын атқарған жұмысы Банкке келтірілуі мүмкін теріс ықпалды барынша азайтты. 2015 жылы Банк ҚР ҰБ-ның талаптарына («Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 26.02.2014 жылғы №29 қаулысына) және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес тәуекелдіктерді кешенді басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды. Осы жұмыстың аясында келесі көрсетілген іс-әрекеттер жүзеге асырылды:

- Банктің Бас офисінің бөлімшелері мен өңірлік бөлімшелері үшін үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспары әзірленіп бекітілді.
- Төтенше жағдайлар пайда болған кезде Банктің сындарлы қызмет түрлерін қолдауға мүмкіндік беретін Резервтік орталық ұйымдастырылып, тестілеуден өткізілді.
- Тәуекелдіктердің түрлері бойынша ерте ден қою триггерлері жүйесі әзірленді.
- Операциялық тәуекелдіктерді басқару барысында тәуекелдіктер бойынша үйлестірушілердің рөлі күшейтілді. Қорғаныстың үш желісінің бөлімшелері Банктің бизнес-процестеріндегі операциялық тәуекелдіктің деңгейін азайту бойынша бірлескен жұмыс жүргізеді.
- Операциялық тәуекелдіктер мен IT тәуекелдіктерді басқару әдіснамасы жетілдірілді.

2016 жылға көзделген жоспар:

- Өтімділік тәуекелдігін басқару жүйесін жетілдіру;
- Ел бойынша тәуекелдіктерді басқару моделін жетілдіру;
- Операциялық тәуекелдіктерді басқару процесін автоматтандыру;
- Операциялық тәуекелдіктерді басқарудың тиімділігі үшін Банк бөлімшелеріне ынталандыру жүйесін енгізу.

Банк тәуекелдерді басқарудың ең озық тәжірибесін, оның ішінде Базель III талаптарына негізделген тәжірибені енгізуді жалғастырып отыр. Олар Банктің қаржылық тұрақтылығын арттыруға, сонымен қатар операциялық қызметтің ықтимал шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Өз қызметінде ЦентрКредит Банкі қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптердің және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтайды.

ЦентрКредит Банкінің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптері:

■ адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, халықтың өміріне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

■ тікелей банктік қаржылық операциялар жүргізу жолымен қоршаған ортаға әсерін тигізуі мүмкін зиянның алдын алу.

ЦентрКредит Банкі жобаларды қаржыландыру кезінде табиғатты қорғау аспектілерін талқылауға ерекше көңіл бөледі және экологияға бағытталған жобаларға қолдау көрсетіп отырады.

ЦентрКредит Банкінің Несие саясатына сәйкес несиелеуге тыйым салынған бағыттардың бірі – қоршаған ортаға зиянын тигізетін жобаларды қаржыландыру.

ЦентрКредит Банкі заңдық, қаржылық зардаптарға және экологиялық проблемаларға байланысты ЦентрКредит Банкінің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуге бағытталған тиісті шараларды қабылдап отырады. Жобаны қарау кезінде

ЦентрКредит Банкінің уәкілетті бөлімшелері ЦентрКредит Банкінің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптеріне сәйкес келуі бойынша жобаға жан-жақты сараптама жасайды.

Несиелеу барысында қарыз алушылардың қызметіне мониторинг жүргізіледі, табиғатты қорғаудың негізгі принциптеріне сәйкес несие қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы қадағаланады.

ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2016 ЖЫЛҒА ҚОЙҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Банктің 2016 жылға қойған негізгі басым мақсаттары мен міндеттері:

- I. Тәуекелдіктер деңгейін қалыпты деңгейде сақтай отырып, бизнес ауқымын кеңейту.
- II. Несие портфелінің сапасын жақсарту.
- III. Ресурстық базаны тұрақтандыру және көбейту.
- IV. Қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту.
- V. Мемлекеттік даму бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу.
- VI. Жаңа IT жүйені енгізу.

Жылдық есеп ҚХЕС бойынша аудит жасалған есептіліктен өзгешеленетін басқарушылық есептіліктің және Бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарының деректеріне негізделген.



«НУРИЯ», «ИРМА» ЖӘНЕ «АННА» МҮСІНІ

Жауме Пленса

Мүсінші Жауме Пленсаның ең тамсанарлық жұмыстарының бірі жас бойжеткендердің алебастрдан жасалған бастары болып табылады. Пленса түрлі ұлт бойжеткендерінің үлбіреген келбеттерін бейнелейді, барлығының жүзінен бейкүнәлікті сезінуге байқауға болады. Мүсіндердің көздері, мұрындары мен ауыздары әдемі кескінделіп, жылтыратылған, тастың артқы бетінде қарьерден жаңа қазып алынған тастың табиғи түрі сақталып көрсетілген. Пленсаның өзі оларды «көне заманнан келген және уақытқа бағынбайтын кейіп білдіреді» деп сипаттаған.






«МЭРИЛИН»

Энди Уорхол

Энди Уорхол – американский художник, дизайнер, коллекционер, издатель журналов и кинорежиссер, одна из самых ярких персон в истории поп-арт-движения и современного искусства в целом. Его самыми популярными работами являются портреты поп-звезд, выполненные в его привычной технике «раскраски фото». Наиболее известными из этой серии являются изображения Мэрилин Монро. Художник как бы заглядывает в душу людей, которых изображает. И если внимательно присмотреться, то можно почувствовать всю глубину личности Монро. Ее лицо ярко раскрашено, но она выглядит несчастной. Правда спрятана в глазах. Они смотрят из-под ресниц как-то смущенно, растерянно. Возможно, Мэрилин так и не нашла смысла жизни. А эта пудра, чрезмерная краска на лице – только маска, за которой скрыта истинная сущность звезды, которую никто не хотел видеть.



СОДЕРЖАНИЕ

Обращение Председателя Совета директоров	93	125	Кастодиальная деятельность
Совет директоров	94	125	Система международных денежных переводов
Правление	95	128	Быстрые переводы
Руководители департаментов	96-97	128	Быстрая выручка
Корпоративное управление	100-102	129	Информационно-справочное обслуживание и телефонный банкинг
Акционеры и капитал	103	132	Платежные карточки и системы удаленного банковского обслуживания
Обзор развития экономики и банковского сектора Республики Казахстан в 2015 году	106 - 108	133	Персонал
Банковский сектор	108 - 109	134	Переводы
Обзор деятельности БЦК в 2015 году	112-113	135-137	Информационные технологии
Инновации/госпрограммы	116	140	Сбытовая сеть БЦК
Розничное кредитование	116	141-142	АО «BCC INVEST»
Кредитование юридических лиц	117	142-143	ТОО «BCC – ОУСА»
Информация по проблемному портфелю	118	146-153	Отчет независимых аудиторов
